

الجمعة

ЖҰМА

қадір-қасиеті және әдептері



ماہد سُنَّا

mahadsunna.com

Жұма – ең жақсы күн

Мұсылмандар Аллаһ Тағаланың сыйы ретінде басқа үмметтерге берілмеген нәрселердің көпшілігіне ие болды. Жаратушымыз үмметімізді басқа үмметтердің арасынан ерекшелеп, құрметтеген осындай нығметтердің бірі – аптаның бізге ғана нәсіп еткен ерекше күні – жұма. Аллаһ Тағала яһудилерге сенбі күнін, христиандарға жексенбі күнін берді. Ал апта күндерінің ең қайырлысы – жұма күнін Аллаһ Тағала Өзінің соңғы пайғамбары әрі елшісі – Мухаммадтың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) үмметіне сый етті. Яһудилер мен христиандар – өздерінің пайда болу уақытына қатысты мұсылмандардан бұрын келген болатын екі қауым еді, бірақ аптаның бізге нәсіп етілген күні олардың күнінен бұрын келеді.

Жұма – Аллаһ Тағала ерекше қасиетпен белгілеген күн. Сенбі мен жексенбіге келетін болсақ, олар аптаның басқа күндерінен әлдебір айырықша нәрсемен ерекшеленбейді. Негізінде, Аллаһ Тағала бұл жұма күнін яһудилер мен христиандар үшін де орнатқан еді, бірақ олар өзара келіспеушіліктерге түсіп, адасып, одан бас тартты. Ардақты Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

فَهَذَا يَوْمُهُمُ الَّذِي فُرِضَ عَلَيْهِمْ فَاخْتَلَفُوا فِيهِ، فَهَدَانَا اللَّهُ لَهُ، فَهُمْ لَنَا فِيهِ تَبَعٌ، فَالْيَهُودُ غَدًا،

وَالنَّصَارَى بَعْدَ غَدٍ

«Бұл күн (яғни жұма күні) олар (яһудилер мен христиандар) үшін де парыз етілген болатын. Алайда олар оған қатысты келіспеушіліктерге түсті, ал бізді Аллаһ (оған қарай) бағыттады. Олар өздерінің күндерімен бізден кейін жүреді: яһудилер – ертенгі (сенбі), ал христиандар – ертеннен кейінгі (жексенбі) күні»

(хадисті әл-Бухари, 876 мен Муслим, 855 келтірген).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сондай-ақ былай деген:

مَا طَلَعَتِ الشَّمْسُ وَلَا غَرَبَتْ عَلَى يَوْمٍ خَيْرٍ مِنْ يَوْمِ الْجُمُعَةِ، هَدَانَا اللَّهُ لَهُ وَأَضَلَّ النَّاسَ عَنْهُ، فَالنَّاسُ
لَنَا فِيهِ تَبَعٌ، هُوَ لَنَا، وَلِلْيَهُودِ يَوْمُ السَّبْتِ، وَلِلنَّصَارَى يَوْمُ الْأَحَدِ، إِنَّ فِيهِ لَسَاعَةً لَا يُؤَافِقُهَا مُؤْمِنٌ يُصَلِّي
يَسْأَلُ اللَّهَ عَزَّ وَجَلَّ شَيْئًا إِلَّا أَعْطَاهُ

«Күн жұмадан жақсырақ күнде шыққан да, батқан да емес. Аллаһ бізді осы күнге бағыттап салды, ал қалған адамдарды одан адастырды. Оған қатысты адамдар бізге ереді, өйткені жұма біз үшін, сенбі яһудилер үшін, ал жексенбі христиандар үшін. Расында, жұма күні белгілі бір уақыт бар: егер иман келтірген адам оған дұғада, Аллаһтан бір нәрсе сұраған күйде сәйкес келетін (табатын) болса, Аллаһ оған сұрағанын міндетті түрде береді»

(хадисті Ахмад жеткізген, 10723; әл-Әлбани оны «Сахих әт-тарғиб уә әт-тархиб» еңбегінде сенімді деп атаған, 695).

Бұл күн Аллаһ Тағаланың мұсылмандарға берген үш айттарының бірі. Бірде бас періште Жәбірейіл Пайғамбарымызға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) қолына ортасында қара нүктедей нәрсе болған айнаны ұстап келді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын): «Уә Жәбірейіл, бұл не?», - деп сұрады. Жәбірейіл:

هَذِهِ الْجُمُعَةُ، يَعْزِضُهَا عَلَيْكَ رَبُّكَ لِتَكُونَ لَكَ عِيدًا وَلِقَوْمِكَ مِنْ بَعْدِكَ، وَلَكُمْ فِيهَا خَيْرٌ

«Бұл – жұма күні. Раббың оны саған және сенен кейінгі үмметің үшін айт болуы үшін көрсетуде. Онда сендер үшін жақсылық бар», - деді.

(хадисті әт-Табарани «Әл-муғжам әл-аусатта» жеткізген, 2084; әл-Әлбани оны «Сахих әт-тарғиб уә әт-тархиб» еңбегінде сенімді деп атаған, 694).

Басқа хадисте былай деп айтылған:

خَيْرُ يَوْمٍ طَلَعَتْ عَلَيْهِ الشَّمْسُ يَوْمُ الْجُمُعَةِ: فِيهِ خُلِقَ آدَمُ، وَفِيهِ أُدْخِلَ الْجَنَّةَ، وَفِيهِ أُخْرِجَ مِنْهَا، وَلَا

تَقُومُ السَّاعَةُ إِلَّا فِي يَوْمِ الْجُمُعَةِ

«Күн шыққан күндердің ең жақсысы – жұма күні. Бұл күні Адам жаратылды, ол осы күні Жәннатқа кіргізілді және осы күні одан шығарылды. Қиямет күні де тек жұма күні басталады»

(хадисті Муслим жеткізген, 854).

Пайғамбарымыздың «Күндердің ең жақсысы» дегені яғни апта күндерінің ең жақсысы дегенді білдіреді. Ал жыл күндеріне келсек, олардың ең жақсысы – Арафат күні, яғни Құрбан айтының алдындағы күн.

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) жұма күнінің бір ерекшелігі ретінде осы күні адамзаттың атасы Адамның жаратылғандығы екеніне

нұсқайды. Аллаһ Тағала оны өз қолымен топырақтан жаратты. Ол оған: «Бол!», - деді және ол пайда болды. Яғни адамзат пайда болу тарихы міне осы күннен басталған екен.

Бұл күннің тағы бір ерекшелігі: бұл күні Аллаһ Тағала Адам атамыз бен оның әйелі Хауаны Жәннатқа кіргізді. Құранда Аллаһ Тағаланың Адамға былай деп айтқаны хабарланады:

يَا آدَمُ اسْكُنْ أَنْتَ وَزَوْجُكَ الْجَنَّةَ وَكُلَا مِنْهَا رَغَدًا حَيْثُ شِئْتُمَا وَلَا تَقْرَبَا هَذِهِ الشَّجَرَةَ فَتَكُونَا مِنَ

الظَّالِمِينَ

«Әй Адам! Сен де, жұбайың да Жәннатта тұрыңдар, ерікті түрде қалағандарыңша жеңдер де, мына ағашқа жоламаңдар. (Ал оған жоласаңдар) залымдардан боласыңдар»

(«әл-Бақара» сүресі, 35-аят).

Аллаһ оларға Жәннатта қалағанын, яғни Жәннаттағы көптеген ағаштардың кез келген жемісін жеуге рұқсат етті. Аллаһ оларды сынау үшін, оларға бір ғана ағашты харам етті. Шайтан – адамзаттың мәңгілік дұшпаны – Адамға деген көре алмаушылықтан оны адастырып, Жаратушыға мойынсұну биігінен күнәнің тұңғиығына түсіруді қалады. Ол оны және оның әйелін азғырып, оларға тыйым салынған ағаштың жемісінен дәм тату керек, әрі сонда олар мәңгілік өмір мен тұрақты билікке ие болатынын айтып, антпен сендіре бастады. Осылайша Шайтан ол екеуін олар осы күнәні жасап, Аллаһ Тағаланың тыйымын бұзғандарына дейін қоймай азғыра берді. Сонда Аллаһ Тағала оларға Жәннаттан шығуды бұйырып, оларды жерге түсірді. Назар аударыңыз, бір күнә, бір бағынбаушылық біздің арғы атамызды көктегі биіктерден, алыс, төмен болған жерге дейін түсірді. Ал біз болсақ көптеген күнәлар жасаймыз, күндіз-түні Аллаһ Тағала мойнсұнбаймыз, соған қарамастан өзімізді пайдасыз армандар мен үміттермен жұбатып, иман мен тақуалықтың жоғары сатысындамыз деп санаймыз, алайда шын мәнінде біз күнәлар мен Аллаһ жүктеген міндеттерге немқұрайлы қарау тұңғиығында жүрміз емес пе?! Жүректеріміз өшпенділік пен көреалмаушылыққа толы. Аллаһ Тағала бәрімізді Өз мейіріміне бөлеп, бізді тәубе етуге бағыттап, жүректерімізді түзетсін. Адам мен оның жұбайын Жәннаттан шығару да жұма күні болды, алайда бұл ұятты шығарылу болмады.

Неліктен? Өйткені Адам мен оның әйелі Жаратушының алдында шын жүректен тәубе етті және Аллаһ Тағала олардың тәубесін қабыл алды. Адам

атаның Жәннатан шығарылуы адамзат баласын жер бетінде орналастыруды көздеді, сонда бір-бірінің орнын басқан ұрпақтар Жаратушысына ықыластылық және тағзым-итағатпен құлшылық етіп, Жәннатқа, ата қонысына оралуға лайық па екен деп сыналады. Демек, адамзаттың жер бетіне келген тарихы да жұма күнінен бастау алады екен.

Жұма күнінің тағы бір ерекшелігі – бұл күнде Аллаһқа бағытталған дұғаның қабыл болатын уақыты бар. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

فِيهِ سَاعَةٌ، لَا يُؤَافِقُهَا عَبْدٌ مُسْلِمٌ وَهُوَ يُصَلِّي يَسْأَلُ اللَّهَ شَيْئًا، إِلَّا أَعْطَاهُ إِيَّاهُ

«Бұл күнде белгілі бір сағат бар: егер Аллаһтың әлдебір мұсылман құлы сол сағатта намаз оқыған күйінде Аллаһқа өтінішімен жүгінсе, Аллаһ оған сұрағанын міндетті түрде береді»

(хадисті әл-Бухари, 935 мен Муслим, 852 жеткізген).

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) осы сөздерді айтып жатып, оның өте аз уақыт екенін қолымен көрсеткен болатын.

Осы берекелі уақытта Аллаһтан не сұрасаңыз да, тек ол күнә болмаса, онда жауабын аласыз. Біздің қайсымыздың мұқтаждығымыз жоқ? Қайсымыз Аллаһ Тағала оған қажет нәрсесін беруін қаламайды? Ондай адам әсте жоқ шығар. Сондықтан бұл керемет мүмкіндікті жіберіп алмау қажет. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл аз уақыт екенін және оны тиімді пайдалану керектігін атап көрсетті. Бірақ осы берекелі сәт қай уақытта болады? Жұма күнінің таңында ма, түсте ме, әлде кешке ме? Ислам ғұламалары бұл мәселеде әртүрлі пікірлер айтады, бірақ екі хадис ақиқатқа ең жақын және ең сенімді болып табылады. Сонымен, осы екі уақыт кезеңін атап өтейік.

Бірінші уақыт имамның жұма құтпасын айту үшін мінберге көтеріліп отырған сәттен басталып, жұма намазының соңына дейін жалғасады. Осы ретте айта кететін жайт – имам құтпа айтып жатқан кезде мешітте отырған жамағат үнсіздік сақтап, оны тыңдауы керек.

Екінші уақыт аср (екінті) намазынан кейін басталып, күн батқанға дейін жалғасады. Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

يَوْمُ الْجُمُعَةِ ثِنْتَا عَشْرَةَ سَاعَةً مِنْهَا سَاعَةٌ، لَا يُوجَدُ عَبْدٌ مُسْلِمٌ يَسْأَلُ اللَّهَ فِيهَا شَيْئًا، إِلَّا آتَاهُ اللَّهُ إِيَّاهُ،

فَالْتَمِسُوهَا آخِرَ سَاعَةٍ بَعْدَ الْعَصْرِ

«Жұма он екі уақыт кезеңінен тұрады. Әрі солардың ішінде мұсылман адам Аллаһтан бір нәрсе сұраса, Аллаһ Тағала оған міндетті түрде беретін бір уақыт бар. Ендеше бұл уақытты аср намазынан кейінгі соңғы уақытта іздеңдер»

(хадисті ән-Насаи, 1389; Абу Дауд, 1048 және Ахмад, 9239 жеткізген; әл-Әлбани оны «Сахих әл-жамиғ» еңбегінде сенімді деп атаған, 8190).

Осы уақытта Аллаһқа дұға етуде табанды әрі ынталы болыңыз, Жаратушы Иеңізден сізге жақсылық беріп, жамандықтан сақтауын сұраңыз. Аллаһ үшін мүмкін емес нәрсе жоқ, Оған бәрі жеңіл.

Бірақ жұма күнінің ең маңызды ерекшелігі – бұл күні мұсылмандар мешіттерге жиналып, жұма намазын оқитынында. Бұл намаз – Ұлы Жаратушымыздың мұсылман қауымына, біздің әрбірімізге берген баға жетпес сыйы. Оның көптеген қасиеттері бар, олардың әрқайсысын сипаттауға бұл кітаптың бірнеше тарауы да жеткіліксіз болады.

Құран Кәрімде «әл-Жумуға» деп аталатын бөлек сүре бар. Аллаһ Тағала бұл сүреде былай деген:

يَا أَيُّهَا الَّذِينَ آمَنُوا إِذَا نُودِيَ لِلصَّلَاةِ مِنْ يَوْمِ الْجُمُعَةِ فَاسْعَوْا إِلَىٰ ذِكْرِ اللَّهِ وَذَرُوا الْبَيْعَ ۚ ذَٰلِكُمْ خَيْرٌ لَّكُمْ إِنْ كُنْتُمْ تَعْلَمُونَ

فَإِذَا قُضِيَتِ الصَّلَاةُ فَانْتَشِرُوا فِي الْأَرْضِ وَابْتَغُوا مِنْ فَضْلِ اللَّهِ وَاذْكُرُوا اللَّهَ كَثِيرًا لَّعَلَّكُمْ تُفْلِحُونَ

«Әй иман келтіргендер! Жұма күні намазға азан айтылса, дереу Аллаһты зікір етуге (яғни намазға) асыға ұмтылыңдар және сауданы қойыңдар, егер білетін болсаңдар, бұл сендер үшін қайырлы. Ал намаз оқылып болған соң, жер бетіне таралыңдар да, Аллаһтың мәрхаметінен несібе іздеңдер. Сондай-ақ Аллаһты көп зікір етіңдер. Әрине құтыласыңдар»

(«әл-Жумуға» сүресі, 9-10 – аяттар).

Осы қасиетті сөздер жайлы ой шолыңыз! Аллаһ Тағала Ислам дінін ұстанушыларға үндеу жасап: **«Әй иман келтіргендер!»,** - дейді. Бұдан асқан жағымды, мақтаулы, құрметті жолдау болуы мүмкін бе? Құран Кәрімде **«Әй иман келтіргендер!»** деген сөздер айтылғанда, оларды ерекше мұқият тыңдау қажет, өйткені бұл сөздерден кейін өте маңызды нәрсе хабарланады немесе бұйырылады. **«Жұма күні намазға азан айтылса, дереу Аллаһты зікір етуге (яғни намазға) асыға ұмтылыңдар және сауданы қойыңдар!»** – яғни азан шақырылғанда, мұмин адамдар сауда-саттық пен басқа да дүниелік істерді тастап,

Аллаһты еске алуға ұмтылуы керек. Аллаһ Тағаланың бұл бұйрығы, ауыру немесе басқа да сол сияқты үзірлі себептер болмаса, (шариғат тұрғысынан) кәмілет жасына толған барлық мұсылман ерлеріне қатысты. Тіпті оған жұма намазы парыз емес сапардағы адам да азанды естісе, оған жауап беріп, намазға келуі керек. Бұл аяттағы Аллаһты зікір ету деген сөз екі нәрсені: жұма құтпасын және жұма намазына қатысуды білдіреді.

Сауда-саттықты тоқтату бұйрығы екінші жұма азанынан кейін барлық сауда-саттыққа тыйым салынады дегенді білдіреді. Көптеген Ислам ғұламалары екінші жұма азанынан кейінгі намаз аяқталғанға дейінгі аралықта жасалған сауда мәмілелері мен сауда-саттық тек тыйым салынып қана қоймайды, сонымен қатар олар жарамсыз болатынын айтқан. Яғни сатып алушының осы уақытта сатып алған тауары сатып алынған болып есептелмейді, ал сатушының тауар үшін алған ақшасы оның меншігі болып есептелмейді. Алайда бұл саудаға тыйым салу жұма намазы парыз болған мұсылмандарға ғана қатысты екенін айта кеткен жөн. Сондықтан, егер сауда-саттықты, мысалы, әйелдер жүргізсе, онда оларға күнә жоқ, өйткені олар үшін жұма намазына қатысу парыз емес.

Аллаһ Тағала намазға ұмтылу біз үшін сауда-саттықтан жақсырақ екенін ескертеді, өйткені бұл арқылы біз діннің өте маңызды парызын орындаймыз, Раббымызға мойынсұнамыз, Оның разылығына ие және ашуынан аулақ боламыз. Жалғыз Жаратушы мен Құдайға иман мен таухидтің төңірегінде бірлігіміз бен ынтымағымызды паш етіп, мешітке асығамыз.

Кейін Аллаһ Тағала: **«Намаз оқылып болған соң, жер бетіне таралыңдар да, Аллаһтың мәрхаметінен несібе іздеңдер»**, - деді, яғни істеріңмен, жұмыстарыңмен, саудаларыңмен, Аллаһтың мейірімімен күнделікті нандарыңды табатын нәрселеріңмен айналысыңдар. Бұл жерде намазды сауда-саттықтан артық қоятын адам үшін намаздан кейін саудасында Аллаһтан берекеге болатындығы меңзеледі. Яғни, намаздарыңды орындап болған соң, Аллаһтың нығметтері мен мейірімін іздеп, еңбек етіңдер, бірақ сонымен бірге Аллаһты ұмытпаңдар, дүниелік істерің сендерді Оны зікір етуден алшақтатпасын. Керісінше, **«Аллаһты көп зікір етіңдер. Әрине құтыласыңдар»**. Яғни жұма құтпасын тыңдап, намазды оқысаңдар, осымен сендер үшін Аллаһтың зікір ету бітті деп ойламаңдар. Жоқ! Аллаһты әрдайым, кез келген жағдайда, кез келген жерде зікір ету қажет, өйткені бұл бақыт кілті.

Жұма күнінің сүннеттері

Жұма намазын оқу кәмілет жасына толған әрбір мұсылман ер адам үшін парыз. Бұдан ерекшеленетін біріңғай жағдай (жеңілдік) тек науқастарға, сапардағы кісілерге және шариғат тұрғысынан дәлелді үзірлері бар басқа санаттағы адамдарға беріледі.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

لَيَنْتَهَيَنَّ أَقْوَامٌ عَنْ وَدْعِهِمُ الْجُمُعَاتِ، أَوْ لَيَخْتِمَنَّ اللَّهُ عَلَى قُلُوبِهِمْ، ثُمَّ لَيَكُونَنَّ مِنَ الْغَافِلِينَ

«Адамдар жұма намазына бармауды қоймаса Аллаһ олардың жүректеріне мөр басады, содан кейін олар запылдардан болады»

(хадисті Муслим жеткізген, 865).

Мұсылман адам жұма намазына барар алдында оған дайындалуы керек. Біріншіден, толық ғұсыл алу, яғни бастан аяққа дейін жуынып, ауыз бен мұрынды шаю қажет. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

الْغُسْلُ يَوْمَ الْجُمُعَةِ وَاجِبٌ عَلَى كُلِّ مُحْتَلِمٍ

«Жұма күні ғұсыл алу – кәмілет жасына жеткен әр мұсылман адам үшін парыз»

(хадисті әл-Бухари, 859 және Муслим, 846 жеткізген).

Кейбір Ислам ғалымдары жұма күні толық ғұсыл алуды қатаң діни парыз деп есептесе, басқалары ол міндетті болмаса да, бекемді түрде орнатылған өте құпталатын амал деп санайды.

Аузыңызды, киіміңізді, денеңізді адамдарға жағымсыз иістерден тазарту керек.

Жұма намазын, басқа да намаздарды секілді, кіші дәрет алусыз оқуға болмайды, өйткені дәретсіз намаз жоқ, яғни жарамсыз.

Жұма намазына баратын адам хош иісті әтірледі жағып не сеуіп, тістері мен ауызын тазалап, өзінің ең сәнді киімін киюі қажет. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

لَا يَغْتَسِلُ رَجُلٌ يَوْمَ الْجُمُعَةِ ، وَيَتَطَهَّرُ مَا اسْتَطَاعَ مِنْ طَهْرٍ ، وَيَدَّهِنُ مِنْ دُهْنِهِ ، أَوْ يَمَسُّ مِنْ طِيبِ بَيْتِهِ ثُمَّ يَخْرُجُ ، فَلَا يُفَرِّقُ بَيْنَ اثْنَيْنِ ، ثُمَّ يُصَلِّي مَا كُتِبَ لَهُ ، ثُمَّ يَنْصِتُ إِذَا تَكَلَّمَ الْإِمَامُ ، إِلَّا غُفِرَ لَهُ مَا بَيْنَهُ وَبَيْنَ الْجُمُعَةِ الْأُخْرَى

«Кімде-кім жұма күні ғұсыл алып, сосын ең жақсы киімін киіп, хош иісті әтірі болса содан сеуіп, хош майларын жағып, кейін мешітке келіп, екі кісінің арасын ажыратпай, сосын өзіне нәсіп етілген намаздарды оқып, сосын имамның

құтпасын үнсіздік сақатап тыңдаса, оның алдыңғы және осы жұма арасындағы жасалған күнәлары өшіріледі»

(хадисті әл-Бухари, 883 келтіреді).

Әрқайсымыз бір апта ішінде жасалған күнәларымыздан тазарғымыз келмейді ме?

Адам мешітке неғұрлым ерте келсе, Аллаһ Тағаладан соғұрлым үлкен сый алады. Хадисте жұма күні мешіттерде әр есіктің үстіне періштелер қойылып, олар адамдарды мешітке кіру ретімен жазатындығы айтылады. Ал имам келіп, мінберге отырғанда, періштелер тізімдерін жинап, мінберден айтылатын игі ескерту сөздерін тыңдауға кіреді.

Имам құтпа айтқанда адам өзін қалай ұстау керек?

Біріншіден, имамға барынша жақын отыруға тырысу керек, яғни мешітке ерте келіп, алдыңғы қатардан орын алу қажет. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

أَحْضَرُوا الذِّكْرَ، وَادْنُوا مِنَ الْإِمَامِ، فَإِنَّ الرَّجُلَ لَا يَزَالُ يَتْبَعُهُ حَتَّى يُؤَخَّرَ فِي الْجَنَّةِ وَإِنْ دَخَلَهَا

«Зікір кезінде (яғни Аллаһты еске алу және Аллаһты, Оның діні жайлы айтылған құтпада) имамға жақын орналасыңдар. Расында, адам (имамнан) алыстаған сайын Жәннатқа кешіге береді, тіпті оған кіретін болса да»

(хадисті Абу Дауд, 1108 келтірген; әл-Әлбани оны «Сахих Абу Дауд» еңбегінде жақсы деп атаған, 980).

Жиналғандардың имамға жүздерімен бұрылып отырғандары жөн, өйткені Пайғамбардың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) сахабалары осылай жасайтын.

Имам құтпа айтып жатқанда, жиналғандар оны үнсіз тыңдап, сөйлемей керек, өйткені құтпа кезінде сөйлеуге тыйым салынған.

Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) өзінің хадисінде адамның имам құтпа айтқан кезде үнсіз отыру шартымен ғана оның бір аптада істеген күнәларының кешірілетініне нұсқаған.

Бірде Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мінберде тұрып Құраннан аятты оқыды. Сонда Абу әд-Дарда атты сахаба өзінің жанында отырған Убай ибн Қағба: «Уа Убай! Бұл аят қашан түсірілген?», - деп сұрады. Убай жауап бермей үнсіз отыра берді. Сонда Абу әд-Дарда сұрағын қайталады, бірақ Убай тағы да үндемеді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құтпасын бітіріп, мінберден түскенде, Убай: «Сен жұма намазыңнан тек бос сөз ғана үлес теіп алдың», - деді. Абу әд-Дарда намаздан кейін Пайғамбарға барып, оған болған

жайтты айтып берді. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған:

صَدَقَ أَبِي، فَإِذَا سَمِعْتَ إِمَامَكَ يَتَكَلَّمُ، فَأَنْصِتْ حَتَّى يَفْرُغَ

«Убай дұрыс айтты! Имамның сөйлегенін естісең, ол бітіргенше үнсіз бол», -
деді

(хадисті Ибн Мәжаһ, 1111; Ахмад, 21185 және әт-Табарани, 2/188 келтірген; әл-Әлбани оны «Сахих ибн Мәжаһ» еңбегінде сенімді деп атаған, 912).

Басқа адамға тіпті: «Тыныш!», - деп айтуға да болмайды. Өйткені Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

إِذَا قُلْتَ لِصَاحِبِكَ: أَنْصِتْ! يَوْمَ الْجُمُعَةِ، وَالْإِمَامُ يَخْطُبُ، فَقَدْ لَعَوْتَ

«Егер сен жұма күні, имам құтпа айтып тұрған кезде, қасыңдағы адамға:

«Тыныш!», - деп айтсаң, бос және артық сөз айтқан боласың»

(хадисті әл-Бухари, 934 және Муслим, 851 жеткізген).

Құтпа кезінде сөйлеп тұрған адамды тоқтатып, оған: «Тыныш!», - деп айту жақсы іс секілді болып көрінсе де, алайда Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оны бос сөз деп атаған. Ал енді басқа сөздер мен әңгімелер туралы не айтуға болады?

Құтпа кезінде жиналғандардың бірі сөйлейтін болса, оны ымдау арқылы тоқтатуға рұқсат етіледі. Бұған мына хадис нұсқайды: «Бірде Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) мінберде тұрып, құтпа жасап жатқанда, кенет бір адам орнынан тұрып: «Уа Аллаһтың Елшісі! Қиямет сағаты қашан басталады?», - деп сұрады. Пайғамбар үндемеді, ал адамдар бұл кісіге: «Отыр!» - деген белгілер көрсете бастады, ал ол отырғысы келмеді.

Адамдардың тағы бір қателігі – құтпа кезінде мешітке кіріп, имамға немесе жиналғандарға сәлем беру. Құтпа кезінде сәлем берілген адам ым-ишаратпен жауап қайыруы немесе сәлемдесу жауабын құтпа біткеннен кейінгі уақытқа қалдыруы керек. Дәл сол сияқты имам құтпа кезінде дұға сөздерін айтса, «әмин» деп дауыстап айтудың да қажеті жоқ, мұны ішінен айту керек. Бұл Пайғамбардың аты аталғанда оған салауат айтуға да қатысты. Салауатты да жай іштей айту керек.

Сондай-ақ намазға келгенде отырған адамдардың қатарларының арасынан, оларды қолмен не аяқтарымызбен түртіп ыңғайсыздық жасап, адамдардың үстінен аттап өтуге, бір-біріне жақын отырған екі адамды, егер олардың арасында бос орын болмаса, арасын бөліп, қысылысып өтуге және отыруға болмайды. Бірде

Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) құтпа айтып жатқанда, мешітке бір адам кіріп, адамдардың желкелерінен аттап, алға қарай жылжи бастады. Сонда Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оған жазғырумен:

اجْلِسْ, فَقَدْ آذَيْتَ

«Отыр, (адамдарға) зәбір тігіздің ғой!», - деген еді.

(хадисті Ибн Мәжаһ келтірген, 1115; әл-Әлбани оны «Сахих ибн Мәжаһта» сенімді деп атаған, 916).

Хадистердің бірінде былай деп айтылған:

مَنْ لَغَا وَتَخَطَّى رِقَابَ النَّاسِ, كَانَتْ لَهُ ظُهُرًا

«Кімде-кім (құтпа кезінде) бос сөз айтып, адамдардың үстінен өтсе, соның жұма намазы жәй түскі намазға айналады»

(хадисті Абу Дауд, 347 келтірген; әл-Әлбани оны «Сахих Абу Дауд» еңбегінде сенімді деп атаған, 335).

Яғни ол жұма намазына тиісті ерекше сауаптар мен күнәлардың ерекше кешірілуінен айырылады.

Құтпа уақытында бөгде істерімен айналысуға, артық, қажеті жоқ қимылдары жасауға болмайды. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ تَوَضَّأَ فَأَحْسَنَ الْوُضُوءَ، ثُمَّ أَتَى الْجُمُعَةَ فَاسْتَمَعَ وَأَنْصَتَ غُفِرَ لَهُ مَا بَيْنَهُ وَبَيْنَ الْجُمُعَةِ وَزِيَادَةُ ثَلَاثَةِ

أَيَّامٍ، وَمَنْ مَسَّ الْحَصَا فَقَدْ لَغَا

«Кімде-кім ең жақсы түрде дәрет алып, кейін жұма намазына келіп, құтпаны үнсіз отырып тыңдаса, оның осы және алдыңғы жұма намазының, сондай-ақ тағы үш күн арасындағы жасаған күнәларының барлығы кешіріледі. Ал кім қолымен майда тастарды сұрыптап отырса, ол артық, бос іспен айналасқан болады»

(хадисті Муслим жеткізген, 857).

Пайғамбарымыздың (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) кезінде, оның мешітінің едені ұсақ тастармен жабылған еді. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) оларды құтпа уақытында сұраптауды, бұл адамдарды құтпаны мұқият тыңдаудан алаңдатпауы үшін тыйым салған, өйткені оны тыңдау – парыз амал. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұл артық әрекет адамды жұма намазының сауабынан айыратынын және оның намаз күндізгі бесін намаз секілді болып қалатынын хабарлаған. Ал ендеше құтпа

кезінде телефонда отыру туралы не айтуға болмақ? Бұл құтпаны тыңдаудан тас теріп отырудан да көбірек алаңдатады емес пе?

Егер адам құтпа уақытында ұйқыға бой бере бастаса, онда тұрып басқа жерге отырғаны немесе көршісімен орнын ауыстырғаны жөн, өйткені қозғалыс ұйқыны кетіреді. Хадисте былай деп айтылған:

إِذَا نَعَسَ أَحَدُكُمْ يَوْمَ الْجُمُعَةِ، فَلْيَحْوِلْ مِنْ مَجْلِسِهِ ذَلِكَ

«Егер жұма күні біреуіңді ұйқы басып жатса, басқа орынға отырсын»

(хадисті әт-Тирмизи, 526 және Ибн Хузайма, 1716 келтірген; әл-Әлбани хадисті «Сахих әл-жамиғ әс-сағир» еңбегінде сенімді деп атаған, 809).

Жұма құтпасы адамға келесі аптаға дейін жететін рухани қуат пен жүрегіне азық береді, сондықтан оны мұқият тыңдау қажет, ал имамға келсек, оның құтпасы шын мәнінде пайдалы болуы әрі адамдарды Аллаһқа ұнамды амалдарға ындаталандырып, көпқұдайшылық пен күнәлардан сақтап, оларға дінді үйретуі үшін, ол оны жоғары деңгейде өткізуге бар күш-жігерін салуы қажет. Ол оны шын жүрекпен және көтеріңкі дауыспен айтуы керек. Хадисте Аллаһтың Елшісі (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) адамдарға құтпамен жүгінгенде, оның көздері қызарғаны, дауысы қатты шығып, ол: «Сендерге жау таңертен келеді!» немесе «Жау сендерге кешке келеді!» деген сөздерді айтып жатқан адамның сезініп сөйлейтіні туралы хабарланады.

Дәл осы себепті де мешітте отырғанда ұйықтап кетуге ықпал ететін тәсілмен отырмау қажет.

Айтылған хадистерден жұма құтпалары мен намазының қаншалықты маңызды екенін және олардың қаншалықты пайдасы мен сауабы бар екенін біле алдыңыз. Егер барлық хадистердің ішінен бізге біреуі ғана жеткенде де, бұл осы құлшылық-ғибадат түрінің жоғары мәртебесін түсінуіміз үшін жеткілікті болар еді. Хадисте былай деп айтылған:

مَنْ اغْتَسَلَ يَوْمَ الْجُمُعَةِ، وَغَسَّلَ، وَبَكَرَ، وَابْتَكَّرَ، وَدَنَا، وَاسْتَمَعَ، وَأَنْصَتَ، كَانَ لَهُ بِكُلِّ خُطْوَةٍ يَخْطُوهَا

أَجْرُ سَنَةِ صِيَامِهَا وَقِيَامِهَا

«Кімде-кім жұма күні ғұсыл алып, (басын) жуып, мешітке ертерек барып, (имамның жанынан) жақын орналасып, құтпаны үнсіз отырып тыңдаса, онда оған әр қадамы үшін бір жыл бойы ұстаған оразасы мен оқыған түнгі намаздарының сауабы жазылады»

(хадисті әт-Тирмизи, 496 келтірген, әл-Әлбани оны сенімді деп атаған).

Ардақты аналарымыз бен әпке-қарындастарымызға келсек, онда, біз бұл туралы жоғарыда айтқанымыздай, оларға жұма намазы парыз емес. Әйелдер үйлерінде төрт ракағаттан тұратын бесін намазын оқиды. Барлық Ислам ғұламалары әйел адамға жұма намазының парыз еместігін айтқан. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) бұған хадистердің бірінде нұсқаған. Егер әйел адам сонда да мешітке барып, жұма намазын оқыса, оның жұма намазы дұрыс болады және оған қосымша бесін намазын оқу қажет емес.

Жұма намазын үйде оқуға ешкімнің, ер адамның да, әйел адамның да құқығы жоқ, өйткені бұл намаз тек жамағатпен және мешіттерде оқылады.

Ал енді, әйел адамға не жақсырақ: жұма намазын оқу үшін мешітке бару ма, әлде үйінде қалып, бесін намазын оқу ма? Деген сұраққа келсек, онда оған екіншісі, яғни өз үйінде бесін намазын оқу жақсарық, өйткені Пайғамбарымыз (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

لَا تَمْنَعُوا نِسَاءَكُمْ الْمَسَاجِدَ، وَبُيُوتَهُنَّ خَيْرٌ لَّهُنَّ

«Әйелдеріңе мешіттерге баруға тыйым салмаңдар, бірақ олар үшін намазды үйде оқу жақсырақ»

(хадисті Абу Дауд, 567 кештірген; әл-Әлбани оны «Сахих әл-жамиғ» еңбегінде сенімді деп атаған, 7458).

Жұма күніне қараған түні немесе жұма күнінің күндізгі уақытында еркектерге де, әйелдерге де Құранның он сегізінші сүресі, «әл-Каһф» сүресін оқу өте құпталатын сауапты амал болып табылады. Пайғамбар (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) былай деген:

مَنْ قَرَأَ سُورَةَ الْكَهْفِ فِي يَوْمِ الْجُمُعَةِ أَضَاءَ لَهُ النُّورُ مَا بَيْنَ الْجُمُعَتَيْنِ

«Кімде-кім жұма күні «әл-Каһф» сүресін оқыса, оған екі жұманың арасында нұр болады»

(хадисті әл-Хаким, 3392 және әл-Байхақи 5792 жеткізген; әл-Әлбани оның сенімділігін «Сахих әл-жамиғ әс-сағир» еңбегінде растаған, 6470).

Әрі ең соңында айтқымыз келгені, жұма түні және жұма күні түстен кейін Пайғамбарымызға жиі дұға жасап, Аллаһтан ол үшін салауат тілеген жөн.

«Салауат» деген не? Салауат – бұл Аллаһтың жақын періштелердің алдында қайсыбір құлын мақтауы. Пайғамбарға (оған Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын) салауат сұрап: «Аллаһумма, солли ғалә расули-Лләһ» деп айту арқылы сіз Аллаһ Тағаладан Ол Өзінің Пайғамбарын ең жоғары періштелердің алдында мақтауын сұрайсыз. Кімде-кім Пайғамбар үшін бір рет салауат сұраса, Аллаһ Тағала оған он рет салауат айтады, яғни ондай адамды періштелердің алдында он рет мақтайды.

Біздің Пайғамбар алдындағы міндет-парыздарымыз өте зор. Өйткені біздің Исламға және тура жолға жетуімізге Аллаһ Тағала дәл сол кісіні себеп етті. Сондықтан Пайғамбарға деген махаббат пенденің өзіне деген махаббатынан жоғары тұрады. Сол себепті жұма күні және жұмаға қараған түні Пайғамбардың: *«Аллаһумма, салли ғалә расули-Лләһ»* (Ұа Аллаһ! Аллаһтың Елшісіне игілік-береке нәсіп ет!) деген сөздерді қайта-қайта айту өсиетін елеусіз қалдырмау қажет. Әрі сөзіміздің соңында Аллаһ Тағалаға бүкіл мақтау және Пайғамбарымызға Аллаһтың игілігі мен сәлемі болсын.

Дайындаған шейх Хайсам Сархан басшылығындағы «Сунна» колледжі

1147/2025 ж.